

**№ ____ Қызмет көрсетуге арналған
шарт**

Бурабай.к

_____ ж. «__» _____

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – «Мекеме»), «Бурабай» МҰТП мемлекеттік мекемесінің директоры Быков Сергей Васильевичтің атынан әрекет ете отырып, бір тараптан және «_____» атынан әрекет ететін «_____» (бұдан әрі – «Тапсырыс беруші»), екінші тараптан, бұдан әрі бірге «Тараптар» деп аталатындар, төмендегілер туралы осы шартты жасасты:

1. Шарттың мәні.

1.1. Мекеме Тапсырыс берушінің өтінімі негізінде туристік маршруттар мен соқпақтарды ұсыну қызметін көрсетуді міндетіне алады, ал Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер үшін бекітілген тарифтерге сәйкес ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Шарттың әрекет ету мерзімі.

2.1. Шарттың әрекет ету мерзімі: басталу күні _____ ж. «__» _____; аяқталу күні – _____ ж. «__» _____

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.

3.1. Мекеменің міндеттері:

- 1). Тапсырыс берушінің өтінімі негізінде туристік соқпақ ұсыну қызметін көрсету.
- 2). Тапсырыс берушіні ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға келу ережелерімен, ҚР орман өрт қауіпсіздігі ережелерімен және рекреациялық жүктемемен таныстыру.

3.2. Мекеменің құқықтары:

- 1). Тапсырыс берушінің өтінімі негізінде туристік маршрут (соқпақ) ұсыну қызметін көрсету.
- 2). Тапсырыс беруші келісімшарт талаптарын бұзған жағдайда, оны біржақты тәртіппен бұзу.

3.3. Тапсырыс берушінің міндеттері:

- 1). Туристік маршрутты беру туралы жазбаша өтінім тапсыру және туристер (келушілер) санын көрсету.
- 2). Мекеме бекіткен маршруттық парақ негізінде экскурсиялар өткізу.
- 3). Туристердің ЕҚТА келу ережелерін, орман өрт қауіпсіздігі ережелерін, санитарлық нормалар мен талаптарды сақтауын қамтамасыз ету.
- 4). Бекітілген рекреациялық жүктемеден аспау.
- 5). ҚР заңнамасына сәйкес табиғатты қорғау ережелерін бұзған жағдайда келтірілген залалды өтеу.
- 6). Ұсынылған маршрут үшін бекітілген тарифтерге сәйкес ақы төлеу.
- 7). ҚР Салық кодексіне сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем жасау.
- 8). Маршруттық парақ пен жазбаша өтінімде көрсетілген туристер (келушілер) санынан аспау.
- 9). Мекеме өкілдерінің алғашқы талабы бойынша туристік маршрут бойынша экскурсия өткізуге рұқсат құжаттары мен ЕҚТА пайдаланғаны үшін төлем құжаттарын ұсыну.

4. Төлем мерзімдері мен тәртібі.

4.1. Ұйымдастырылған экскурсиялар мен туристік жорықтарды өткізу кезінде туристік соқпақтарды пайдалану үшін бір адамнан бір рет келуіне 0,26 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде төлем алынады. Бұл тариф ҚР Президенті Іс басқармасының 2024 жылғы 14 қарашадағы № 04/276 бұйрығымен бекітілген.

4.2. Келісімшартта көрсетілген төлем мөлшері жыл ішінде АЕК мөлшерінің өзгеруіне байланысты өзгеруі мүмкін.

4.3. Қолма-қол емес есеп айырысу кезінде төлем «Мекеменің» 014 төлем қызметтері шотына (ЕҚТА табиғи кешендерін туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған

қызметтер) аудару арқылы жүзеге асырылады. Төлем есептік айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін жасалуы тиіс. Қолма-қол төлем маршруттық парақтарды сатып алу кезінде кассаға енгізіледі.

4.4. Қолма-қол емес есеп айырысу кезінде белгіленген мерзімде төлем жүргізілмесе, «Тапсырыс беруші» әр кешіктірілген күн үшін қарыз сомасынан 0,5% мөлшерінде айыппұл төлейді.

5. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу тәртібі.

5.1. Тараптар келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді.

5.2. Келісімшартты орындауға байланысты барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

6. Басқа шарттар.

6.1. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар осы Шарттың мәтініне қайшы келмеуге тиіс, жазбаша нысанда жасалуға және тараптар қол қоюға тиіс.

6.2. Келісімшарт екі данада жасалған, олардың әрқайсысы бірдей заңды күші бар.

7. Тараптардың заңды мекенжайлары мен реквизиттері.

Мекеме

Тапсырыс беруші

Директор

Директор
